

**2022 - 2023 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-
гимназиясының кітапханасының жоспарланған шаралары бойынша
жүргізілген жұмыстарының қортынды есебі**

Оқу жылының басында даярлық топтарына, 2 кластарға жаңа оқулықтар және көркем әдебиеттер келді.

Қыркүйек айында Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл «Ахмет Байтұрсынұлы – халық ұстазы» және «Ана тілім – ардағым» атты кітаптар көрмесі өтті. Мектеп кітапханашысы Г.Жалысова аудандық «Ахмет Байтұрсынұлы – халық ұстазы» атты интеллектуалды ойынына қатысып, алғыс хат алды. 23-қыркүйек аудандық көлемде Республикалық балалар оқулары байқауы өтті. Мектебіміздің оқушылары жүлделі 1-орынға ие болды. 14-қазан күні облыстың мақтау қағаздармен марапатталды.

Қазан айында «Қарттарым асыл қазынам» кітаптар көрмесі, 3 кластың класс жетекшісі А.Рыспаевамен бірге «Күз – береке, күз – мереке» атты тақпақтар, суреттер көрмесі және «Мен оқуға құштармын» атты бейнеролик көрсетілді. Қазанның 10-20 күндері аралығында «Оқып болсаң, досыңа бер» атты акция өтті. Қазан айында Конституция күніне арналған 7 класспен және класс жетекшісі Сураева И.П. бірігіп «О, Қазақстан, как ты велик!» атты класс сағаты өтті

Күзгі демалыс кезінде «Кітаптар әлемінде» , «Путешествие в мир книг» онлайн шарасы өтті. 17-қараша күні аудандық Республикалық «Әдебиет қаһармандарының шеруі» байқауы өтті. Мектебіміздің оқушылары қатысып жүлделі 1- орындарға ие болып, облысқа жолдама алып 25-қараша марапатталды. Қараша айында мектеп кітапханасында «Табиғат – адам өмірінің негізі» кітаптар көрмесі және 8 кластың класс жетекшісі Ш.Бадыковамен бірге Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай «Ұлт мақтанышы» атты тәрбие сағаты, кітап көрмесі өткізілді.

Желтоқсан айында аудандық мектеп кітапханашыларының «Мектеп кітапханасын жетілдіру жолдары» атты семинары өткізілді. Және де желтоқсан айында бастауыш класстарға арналған «Кітап оқудың пайдасы» атты кітапханалық сағат өтті. Желтоқсанның 19 күні 6 кластың класс жетекшісі К.Дангиловамен бірге «Абайдың қара сөздері» тәрбие сағаты өткізілді.

25 желтоқсан күні 3 «а» класс оқушылармен, класс жетекшісі А.Б.Рыспаева «Ертегілер әлемінде» тәрбие сағаты өтті. Оқушылардың қатысуымен «Мақта қыз бен мысық», «Шалқан», «Бауырсақ» ертегілері көрсетілді.

Қысқы демалыс кезінде 2022 жылдың 31 желтоқсаны мен 2023 жылдың 8 қаңтары аралығында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру аясында Республикалық «Қыста оқимыз» іс-шарасы өткізілді. 5-қаңтар күні 5-6 класс оқушыларына Қорғалжын аудандық Орталық кітапханасына экскурсия ұйымдастырылды. 6-қаңтар күні оқушылар арасында «Кітап өмірімізді үздік, әдемі, жарқын етеді!» атты онлайн іс-шарасы өтті.

23 қаңтар мен 2 ақпан 3-9 оқушылардың аралығында мектепшілік байқау өтті. Байқау 2 номинация бойынша өткізілді – «Сүйікті кітап», «Менің сүйікті кітабымды оқы». Барлық байқау қатысушылары мадақтамен және білім беру қызметкерлері кәсіподағының сыйлықтармен марапатталды.

20 ақпан мен 28 ақпан аралығында «Кітапханаға кітап сыйла» атты акция өтті. Акция барысында оқушылар кітапханаға кітап сыйлады.

21 ақпан мен 4 сәуір аралығында оқушылар GOWORKING орталығында 5-11 оқушылар оқыған кітаптарды талқылады.

3 наурыз күні 4 класс оқушылармен, класс жетекшісі Ш.Ж.Есім «Читаешь ты, читаю я, читает вся моя семья!» отбасылық өкү өткізілді.

6 наурыз күні 8 класс оқушылармен, класс жетекшісі Ш.Қ.Бадыковамен Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша оқырман конференциясы өтті.

14 наурыз GOWORKING орталығында 8 класс оқушылармен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бақытты балалық шақ» атты кітаптың презентациясы өтті. Кітап мектебіміздің оқушыларының шығарған өлеңдерінен құралған.

Наурыз мерекесіне орай «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты көрме ұйымдастырылды.

5 сәуір 5, 6 класс оқушыларына класс жетекшілері А.Уткельбаева, К.Иманжанова, мектеп кітапханашылары Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының «Визит» орталығымен бірлесе отырып, қорыққа экскурсия ұйымдастырды. Экскурсия барысында қорық жайлы жалпы мәлімет берілді.

7 сәуір 6 класс оқушылары арасында Қорғалжын аудандық кітапханасында «Парктер шеруі – 2023» табиғатты қорғау акциясының жоспарына сәйкес «Қорғалжын қорығы» тақырыбында танымдық іс – шара өткізілді.

2 класс оқушыларына арнап олардың класс жетекшісі Г.К.Шайхина және мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Оқы, талқыла, суретте» шеберлік сағат өтті. Шара басырында Әсия Біржанқызының «Ағаштың пайдасы» шығармасы талқыланып, оқушылар шығарма бойынша сурет салып, өз суреттерін сипаттап, әңгімеледі.

10 сәуір мен 20 сәуір аралығында «Парктер шеруі - 2023» акциясының жоспарына сәйкес «Туған жердің табиғатты» атты мектепшілік байқау өтті. Байқауға 4-8 оқушылары қатысты. Оқушылар жүлделі 1,2,3 орындармен және белсенді қатысқаны үшін мадақтамаларымен марапатталды.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлігіміз жарасқан» атты кітап көрмесін және «Қазақстан – достықтың киелі шаңырағы» атты стенд ұйымдастырылды.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мектеп кітапханасында «Ер – елдің қорғаны» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2 мамыр күні «Батыр қыз» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты 8 «а» класс оқушылары және олардың класс жетекшісі Ш.Қ.Бадыковамен бірлесе ұйымдастырылды.

4 мамыр күні 6 «а» класс оқушылары және олардың класс жетекшісі К.А.Дангиловамен « Желбіре жеңіс жалауы» атты көркемсөз оқу шеберлерінің мәнерлеп оқуға бағытталған шарасы өтті.

10-22 мамыр күндері Ақмола облыстық білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ ұйымдастыруымен «Жақсы кітап – жан азығы» атты байқауға «Қорғалжынның жас қаламгерлері» өлеңдер жинағы ұсынылды.

31 мамыр – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай мектеп кітапханасында «Зұлмат жылдар – жан жарасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

2022 – 2023 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының Республикалық «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт»

Жобасы бойынша кітапханасының жүргізілетін жұмыс жоспары.

Мектеп кітапханасы оқушылармен оқу жылының басында слайд көрсетіп, оқушыларды "Оқуға құштар мектеп оқуға құштар ұлт" республикалық жобасымен таныстырды.

«Оқырмандар» бұрышы Кітапхана, мектеп дәліздерінде бұрыштар, и «Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing қозғалысын ұйымдастырылды.

«Біздің үй кітапханамыз» буккроссинг өткізілді.

«Кел, балалар, оқылық!» атты челлендж 6-7 сыныптар арқылы өткізілді.

«Әжемнің ертегілері» атты дөңгелек үстел 5 сыныптармен ұйымдастырылды.

«Балаларға арналған кітаптар бойынша » атты ойын-сайыс 9 сыныптар арасында өткізілді.

«Кітаптар ғарышында саяхат» атты ойын-викторина, 4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. «Менің ішкі әлемнің ең жақын досы-ол кітап» атты тақырыпта әдебиет фотосессиясы өткізілді.

«Менің сүйікті авторым» тақырыпта, и «Сұлтанмахмұт Торайғыров ақының өмірі мен шығармашылығы» -бейнеролик өтті. «Денің сау болса-рухын биік болар» атты тақырыптық кітап сөресі өткізілді.

«Ертегілер кейіпкерлерді бейнелеп салайық» сурет салу ұйымдастырылды.

«Кітапты беріліп оқитындар» атты тақырыпта дауыстап оқу өткізілді.

«Оқуға кеңес беремін» Ата-аналармен кездесу өткізілді.

